

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 1266 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1384 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 528 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 желтоқсандағы N 1266 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 49, 626-күжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесінің құрамына мыналар енгізілсін:

Жұмабаева - Қазақстан Республикасы Еңбек және
Бақытжан Сапарғалиқызы халықты әлеуметтік қорғау
министрлігі Әлеуметтік нормативтер
және мүгедектерді оңалту
департаментінің мүгедектерді оңалту
және әлеуметтік қызметтерді дамыту
бөлімі бастығының міндетін атқарушы,
хатшы

Аманбаев - Алматы қалалық мүгедектер
Әли Әбілдаұлы қоғамы басқармасының төрағасы
(келісім бойынша)

Мұнбаев - Астана қаласы мүгедектер
Марат Мұханұлы қауымдастығының төрағасы
(келісім бойынша)

Омарбеков - "Қазақстандық мүгедектер
Иран Елубайұлы конфедерациясы" республикалық
қоғамдық бірлестігінің президенті
(келісім бойынша);

мына:

"Әбдіхалықова - Қазақстан Республикасының
Гүлшара Наушақызы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
вице-министрі, төрағаның орынбасары"
деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Әбдіхалықова - Қазақстан Республикасы Еңбек және
Гүлшара Наушақызы халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің жауапты хатшысы,
төрағаның орынбасары";
көрсетілген құрамнан Рамазанова Динара Қайырбекқызы шығарылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі